

Баспасөз релизі

Халық банкінің 2006 жылғы қызметінің негізгі көрсеткіштері

Алматы, 2007 жылғы 6 наурыз. Халық банкінің Басқарма төрағасы Г.Марченко Банктің аудиторлық тексеруден әлі өтпеген шоғырландырма қаржы есептемесіне негізделген алдын ала 2006 жылғы қызметінің нәтижесін жария етті. Бұл көрсеткіштер әлі тәуелсіз аудитормен қуатталмаған әрі Банктің Директорлар кеңесі мен Жалпы акционерлер жиналысымен мақұлданбаған. 2006 жыл бойынша түпкілікті қаржы есептемесі біраз уақыттан кейін жарияланбақ.

Банк акцияларының Лондондағы халықаралық қор биржасында IPO дәрежесімен, яғни бастапқы жариялықпен сәтті орналастырылуы, Банктің Халықаралық своп және дериватив (туынды құралдар) қауымдастығына (ISDA) мүшелікке өтуі, эквайринг қызметін іске қосуы және CUP (China Union Pay) ко-брендинг карточкаларын шығаруы, сонымен қатар еуро облигацияларды айтарлықтай табысты орналастыруы - осының бәрі өткен жыл ішінде қол жеткізілген жетістіктер.

Тағы бір айта кететін жәйт - «Euromoney» журналы 2006 жылы Халық банкін «The best bank in Kazakhstan in 2006» («Қазақстандағы 2006 жылғы үздік банк») ретінде марапаттады. «The Banker» журналының бағасы бойынша Банк әлемдегі ең ірі 1000 банктің қатарына қосылып, капитал көлемі бойынша 658 орыннан көрінді.

Halyk Group-тің алдын ала халықаралық қаржы есептемесі стандарттары бойынша негізгі көрсеткіштері. Өткен жыл ішіндегі Halyk Group-тің таза табысы 65% өсіммен 25.7 млрд теңгені құрады. Банктің табысы Қазақстандық бухгалтерлік есеп стандарттары бойынша 20.7 млрд теңгені құрады. **Активтер** көлемі жыл басындағы көрсеткіштен 76.4%-ға ұлғайып, 987.4 млрд теңгеге жетті. **Меншікті капитал** 86% өсіммен 2007 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 119.6 млрд теңгені құрады. **ROAA** (орташа активтер қайтарымдылығы) - жылдық 3.49%, **ROAE** (орташа меншікті капитал қайтарымдылығы) - жылдық 32.83%-ды құрайды. **NIM** (таза проценттік маржа) – 6.83% жылдық көрсеткішін құрайды.

Мұның сыртында Банк төлем карточкаларының саны бойынша бұрынғысынша өзінің көш бастаушы орнын сақтап, аталған карточкалар көлемін 2,8 млн данаға жеткізді. Халық банкі Қазақстанда бірінші рет жаңа «VISA Infinite» деген VIP өнімін шығара бастады.

Бүгінгі күні Банктің «Мобильдік банкинг» қызметін пайдаланушылар саны еліміз бойынша 130 мың адамнан асып, бұл қызмет түрінің клиенттер үшін аса қажеттілігін тағы бір дәлелдеді. Ақша айналымы мен табыстылығы бойынша «Интернет-банкинг» қызметі қазақстандық онлайн-банкинг жүйесі арасында алғашқы орынды нық ұстап отыр.

Қазақстанның барлық 14 облысындағы облыстық, өңірлік, аудандық филиалдарды қоса алғанда, Банк өз клиенттеріне **593 филиал мен бөлімшеден және 1000-ға жуық банкоматтан** тұратын кеңінен таралған желі арқылы қызмет көрсетеді. Бүгінгі күні Халық банкінің қызметін пайдаланушы жеке тұлға - клиенттердің саны **5,9 миллионнан** асып отыр - бұл Қазақстандағы ең ауқымды клиенттік база болып табылады, сонымен қатар Банк **62 мыңға жуық шағын және орта бизнес** өкілдеріне және **300 мыңнан аса ірі корпоративтік клиентке** қызмет көрсетеді.

2006 жылы Банк өзінің әлеуметтік жауапкершілік шеңберіндегі қызметін жандандыра түсті және ірі қайырымдылық іс-шаралары мен жобаларды іске асырды. Демеушілік және ізгілік көмек мақсатында жұмсалған бюджет көлемі 63 млн теңге болды.

ІРО

2006 жылдың 20 желтоқсанында Халық банкі өз акцияларын Лондондағы Халықаралық қор биржасында ІРО (бастапқы жариялы түрде орналастыру) шеңберінде жаһандық депозитарлық қолхаттармен (ЖДҚ) орналастырды. Бір ЖДҚ 4 жай акцияға құқық береді. Сұраныс ұсыныстан бірнеше есе жоғары болған қорытындыларға сәйкес орналастыру құны 2006 жылдың 14 желтоқсанында 1 ЖДҚ-ға 16 АҚШ доллары болып бекітілді. ІРО шеңберінде Банк барлығы 748 млн АҚШ долларын құрайтын сомаға жалпы саны 46 750 000 ЖДҚ орналастырды. 220 миллионға жуық АҚШ доллары Банктің капиталына жай акцияларды жаңа эмиссия (шығару) нәтижесінде құйылмақ. Банктің рыногтық капиталдануы ІРО құны бойынша жаңа эмиссияны ескере отырып, 3.9 млрд АҚШ долларын құрады. Бірден шартты саудасаттық басталғаннан кейін ЖДҚ құны 20.9 АҚШ долларына дейін көтерілді. 31 желтоқсан күні бұл көрсеткіш 22 АҚШ долларына жетіп, Банктің рыногтық капиталдануын 5.1 млрд АҚШ долларына дейін ұлғайтты.

Еуро облигациялар

2006 жылдың 11 мамырында Банк халықаралық инвесторлар арасында 300 млн АҚШ доллары сомасына 7-жылдық еуро облигацияларын сәтті орналастырды. 2006 жылдың мамыр айының аяғында Банктің 2009 және 2013 жылдары өтелетін еуро облигацияларының екі шығарылымы бойынша спрэдтері қысқартылып жыл аяғына дейін және бүгінгі күнге дейін казакстандық банктермен салыстырғанда ең тиімді жағдайларда саудалануда.

ISDA-ға мүшелік

2006 жылы Банк өзінің валюта және бағалы қағаздар нарығындағы жетекшілік айқындамасын нығайта түсті. Соңғы үш жылдың ішінде қатарынан - валюта нарығында, ал екі жыл бойы - Қазақстан қор биржасындағы мемлекеттік бағалы қағаздар нарығында көш бастап отыр. Негізгі рыноктарда жетекшілік айқындамаға ие болу нәтижесінде Банк серіктес казакстандық ірі корпоративтік клиенттер қатарын көбейтіп әрі батыстың ірі банктері үшін валюталық тәуекелді басқару мәселесі бойынша қарсы серіктес (контрпартнер) бола алды.

Өткен жылы Банк сондай-ақ туынды қаржылық өнімдер нарығында да өз жағдайын нығайтуға қол жеткізе алды. Бұл тұрғыда Банктің Халықаралық своп және деривативтік қауымдастығына кіру шешімі (ISDA - International Swaps and Derivatives Association, Inc.) толық құптарлық қадам болды. Аталған қауымдастық туынды құралдар (өнімдер) нарығына қатысушылар мүддесін білдіретін аса ірі дүниежүзілік қаржылық-сауда ұйымы болып табылады. Негізі қаланған күннен бастап қауымдастық туынды өнімдерге де, тәуекелдерді басқару қызметіне де тән қауіп-қатерді анықтау және барынша азайту бағытында жұмыс істеп келеді.

2007 жылдың 22 қаңтарында ISDA Директорлар кеңесінің шешімімен Халық банкі осы қауымдастықтың бастапқы мүшелігіне қабылданды, сөйтіп мұндай құрметке ие болған алғашқы казакстандық әрі ТМД елдері банктерінің арасында екінші банк атанды. Айта кететін бір жәйт, қауымдастыққа мүшелікке өту ISDA Директорлар кеңесі мүшелерінің біреуінің үміткер-банк үшін кепілгер болу міндеттілігін білдіреді.

Бөлшек бизнес

Халық банкі жеке тұлғаларға арналған бөлшек өнімдер мен қызметтер нарығындағы дәстүрлі жетекші банк болып табылады. Халықтың Банктегі салым мөлшері 76,3 млрд теңгеге өсіп, 207,2 млрд теңгені құрады, оның ішінде мерзімдік салымдар - 153,3 млрд теңге, ағымдағы салымдар - 54 млрд теңгеге жуық болды. Еліміздегі халық депозиттері нарығындағы Банктің үлесі - 21 %. Жұртшылықтың арасында ең танымал «Халықтық - зейнетақылық», «Халықтық - стандартты» және «Налук -эмбебап» депозиттері болып табылады.

Еліміздегі ипотека нарығындағы Банк үлесі 27%-ға тең. Жалпы алғанда, өткен жылы Банктің жалпы бөлшек қоржыны (брутто) 148,4 млрд теңгеге жетті, өсім 63,5 млрд теңгені құрады.

Ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Банктің кезектерді электрондық жүйемен басқаратын 68 бөлімшесі бар, жыл аяғына дейін электрондық кезек жүйесімен камтамасыз етілетін бөлімшелер санын 118-ге жеткізу жоспарланып отыр.

2006 жылы Банкте енгізілген және іске асырылған әр түрлі кредиттік өнімдер мен бағдарламалар қатарында «Ипотекалық бонус», «Авто Lights», «Өз ипотекам», білім кредиттері, «Жаңартылатын кредит желісі нысанымен кезек күттірмейтін мұқтаждыққа кредит», «Жаңа ипотека» болды.

Шағын және орта бизнес

Банк рыногында шағын және орта бизнес бүгінгі күні Қазақстанда барынша қарқынды дамып келе жатқан сала болып табылады.

Nalyk Group әр тарапты әрі сараландырылған қызмет көрсететін өңірлік қаржылық тобы ретінде дами отырып, еліміздегі шағын және орта бизнес саласын өркендетуге басым көңіл бөледі. Кәсіпкерлер үшін арнайы жаңа өнімдер мен қызмет түрлері енгізіліп, ШОБ-ті несиелеуге ЕҚҚД банкімен ынтымақтастық жолға қойылды, отандық аграрлық секторға қолдау көрсетілуде.

Өткен жылдың нәтижесі бойынша шағын бизнес өкілдеріне берілген кредит саны 20 912 болды, несие қоржынының көлемі 53,9 млрд теңгеден асты. Кәсіпкерлікпен айналысушылардың арасында «Бизнес – Lights 3», «Бизнес - Universal», «Бизнес - Small 2», сондай-ақ Еуропа қайта құру және даму банкінің бағдарламаларымен берілетін кредиттік өнімдер айтарлықтай танымалдыққа ие болған. Банк аталған бағдарламаларды одан әрі жетілдіріп, барынша оңтайландыруға ұмтылады, мәселен, «Бизнес -Lights» бағдарламасында кредит беру мерзімі 7 жылдан 12 жылға дейін, айналым қаражатын толықтыруға берілетін кредит мерзімі 5 жылдан 8 жылға дейін ұзартылып, «Бизнес -Lights 3» болып қайта жасалды. 2006 жылы «Бизнес - Ипотека Lights», «Бизнес - Контракт», «Бизнес - Депозит» және «Халық - Бидай» бағдарламалары енгізілді.

Банк қызметін пайдаланушы орта бизнес саласындағы клиенттерге бағытталған несие қоржынының көлемі 39.1 млрд теңге болды. Негізінен, «Бизнес - Medium», «Лизинг Classic», «Халық Агро» и «Super Lights» кредит бағдарламалары барынша кең таралған өнімдер болып отыр.

Жыл бойы Банк кредиттік өнімдері бойынша жаңартылып отыратын кредит желісін ашу, кредитті өтеудің барынша ыңғайлы тәсілдерін енгізу сияқты және т.б. жеңілдіктер жетілдіріле отырып, «Medium - 2» сияқты жаңа бағдарламалар енгізілді.

Карточкалық бизнес

Отандық төлем карточкалары нарығындағы Халық банкінің бүгінгі күнгі жетекшілік орнына ешкім талас тудырмайды, Банк шығарған карточкалар саны қазір 2,8 млн бірлікке жетіп отыр.

Карточкалық өнімдер мен қызметтер аясы да барынша кеңейтілуде:

- China Union Pay (CUP) карточкаларын ұстаушылар (олардың саны дүние жүзі бойынша 1 миллиардтан асады) Қазақстанда Халық банкінің банкоматтары арқылы қолма-қол ақша ала беруге әрі өздерінің карточкаларындағы ақша балансы туралы біліп отыруға мүмкіндік алды. Сонымен қатар өткен жылдың желтоқсан айынан бастап Банк дүние жүзінде алғашқы болып CUP карточкаларын шығаруды қолға алды;

- мұнымен қатар Халық банкі Қазақстанда бірінші рет жаңа «VISA Infinite» деген VIP өнімін шығара бастады, бұл нарықтың әлуэттілер сегментіне арналған, айырықша іріктелген, басымдығы бар қызметтер пакеті: сатып алған тауарды қорғауды және кеңінен кепілдеме беруді; саяхат шегушілерге толық мағлұмат беруді; дүние жүзі бойынша әрекет ететін жедел көмек қызметін ұсынуды; Банктен дербес қолдау көрсетуді; консьерж қызметін көрсетуді (сапар шегуді ұйымдастырудан бастап пәтер жөндеуге дейінгі қызметтердің кең ауқымын камтамасыз ету); сапар шегу үшін жолға шыққан кезде 1 млн АҚШ долларына дейінгі сомаға сақтандыру ұсынуды және т.б. көздейді.;

- Халық банкі карточкаларының иелері мобильдік байланыс (республикадағы барлық операторлар арқылы) пен коммуналдық қызмет үшін ақы төлеумен қатар, енді Қазақтелекомның

карапайым телефон байланысы үшін де банкомат арқылы, еліміздің кез келген өңірінен әрі кез келген телефон нөмірі үшін ақы төлеу мүмкіндігін алып отыр;

- Тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің клиенттері де ендігі жерде Халық банкі карточкаларының көмегімен салым ашуына, кредиттерін өтеуіне болады;

- «карточкалық депозит» деп аталатын жаңа ақша жинақтаушы депозит пайда болды, оны тікелей карточкамен ашуға болады;

- Халық банкі карточкаларын иеленушілерге Банктің Жинақтаушы зейнетақы қорындағы өздерінің зейнетақылық шотынан жылдық және ағымдық үзінді алып отыру мүмкіндігі берілді;

- Interfood компаниясымен бірге бірінші Altyn City ко-брендингілік бонустық карточкасын шығарды.

Өткен жыл ішінде Банк банкоматтары арқылы 2,5 млрд теңгеге түрлі төлемдер жүргізілді, Card to Card жүйесі бойынша 5 млрд теңгеге жуық сомаға ақша аударылды.

Банктің АТМ желісі тұрақты түрде даму үстінде. 2007 жылы банкоматтар желісі жаңадан тағы осындай 500 құрылысымен және 300 мультикиоскімен толықтыру жоспарланып отыр, бұл АТМ желісінің мүмкіндігін айтарлықтай кеңейтеді. Мультимедиялық киоскілердің негізгі мақсаты түрлі қызмет көрсетушілердің пайдасына төлем қабылдау болып табылады. Қазіргі кезде мұндай эквайринг саласы бойынша Банкпен 35 ұйым-мекеме ынтымақтаса қызмет етіп, банк клиенттеріне өз қызметтері үшін банкомат арқылы ақы төлеуді ұсынып отыр.

Кедендік төлемдерді карточкамен жүргізу

Төлем карточкалары арқылы іске асырылған кедендік төлемдер көлемі 2006 жылы 73,6 млрд теңгені құрады және 2005 жылы жүргізілген төлемдерден 117 %-ға артық болды. Жалпы, 2006 жылы Банк карточкасының көмегімен 222 316 төлем жүзеге асырылған, бұл 2005 жылғы карточкалық төлем санынан 94,3 %-ға артық. Банктің POS-терминалдарымен елімізде 120 кедендік бекет жабдықталған.

Сауда және сервис желісіндегі эквайринг

2006 жылы сауда және сервис мекемелерінде төлем карточкаларын пайдалану арқылы 10,9 млрд теңгеге төлем жүргізілді, бұл көрсеткіш 2005 жылғы операциялармен салыстырғанда 53,8 %-ға артық. Жасалған төлем саны өткен жылы 591 124 болды және алдыңғы жылмен салыстырғанда 54,5 %-ға артық.

Коммерциялық ұйымдар үшін жалақы жобасы

2006 жылғы аталған жобамен жалақылық ақша есептеудің көлемі 218,8 млрд теңгені құрады. Банктің жалақы жобасын пайдаланушы көммерциялық мекемелер саны ағымдағы жылдың 1 қаңтарында 4 011-ге жетті, бұл 2006 жылғы осы кезеңдегі көрсеткішпен салыстырғанда 396-ға көбейген.

Корпоративтік карточкалар

2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдайға сәйкес ашылған Банктің корпоративтік карточкалар саны 3 570 болды және бұл 2006 жылғы дәл осындай кезеңдегі көрсеткіштен 1058-ге дейін артып отыр.

«Интернет-Банкинг» жүйесі

Ақша айналымы мен табыстылығы бойынша «Интернет-банкинг» жүйесі қазақстандық онлайн-банкинг жүйесі арасында алғашқы орынды нық ұстап отыр. Интернет жүйесін пайдаланушылар арасында барынша танымал қызмет түрлері: карт-шотты толықтыру, интернет-шоттың біреуінен екіншісіне әп-сәтте ақша аудару, валюта айырбастау және конверсиялау, ұялы телефон байланысы мен коммуналдық қызмет үшін ақы төлеу, интернет-депозиттер ашу, банк аралық және банк ішінде ақша аудару, кредитті өтеу, т.б.

2006 жылы Халық банкі клиенттері 9 елдің аумағынан өз интернет-шоттары бойынша қашықтықтан жұмыс істеп, есеп айырысу жүргізді, пайдаланушылардың 76 %-ы - Қазақстан

Республикасынан болды, одан әрі клиенттердің саны жағынан: Еуропалық одақ, АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Лихтенштейн, Швейцария, Германия, Белоруссия сияқты елдердің клиенттері.

«Мобильдік банкинг» жүйесі

Қазақстан Халық Банкінің «Мобильдік банкинг» жүйесі - карт-шотты ұялы телефон арқылы басқарудың Қазақстандағы алғашқы жоба. Қазіргі уақытта аталған жүйе қызметін пайдаланушы клиенттер саны 130 мыңнан асады, оның ішінде 95,5 мың адам - 2006 жылы қосылған (бір жыл ішінде клиенттер саны 3,8 есе артып отыр).

Қазақстан үшін бірегей болып табылатын банк шотына ұялы телефон арқылы бақылау жасау жүйесін Халық банкі 2005 жылдың сәуір айының 19-ы күні VISA CEMEA – «Мобильдік банк – Verified by Visa» атты пилоттық жоба шеңберінде іске қосқан болатын. Сол күні бірден аталған қызметке «КаР-Тел» ЖШС (Beeline, K-mobile, Excess) GSM-операторының абоненттері қосылды. Одан кейін, үш айдың ішінде жүйе қызметімен «Алтел» АҚ (Dalacom, Pathword) және GSM Kazakhstan (K-cell, Activ) ЖШС CDMA-операторының пайдаланушылары, яғни Қазақстанның ұялы байланыс рыногы түгелдей қамтылды.

Сервистік жүйеге қосылудың оңайлығы және мүмкіндіктерінің молдығы 2005 жылдың аяғында Мобильдік банкинг қызметінің ауқымын өндірістік көлемге қоюға мүмкіндік берді, ал 2006 жылдың 29 қаңтарында клиенттердің осы жүйемен жөнелткен SMS хабарларының саны бір миллионға жетті. Алғашқы миллиондық шепке жету үшін 10 ай мерзім қажет болса, одан әрі «екінші миллионға» небәрі 3 айдың ішінде қол жеткізілді (2006 жылғы 11 сәуірде екі миллионыншы хабар жіберілді). 2007 жылдың басында ай сайын бір миллионнан SMS хабар жөнелту мүмкін болады деп күтілуде.

Алғашқы кезеңде осы қызмет түріне қосылған Халық банкі карточкасын иеленуші клиенттің мобильдік телефонына карточка бойынша жасалған кез келген операция (тауар сатып алғанда, көрсетілген қызмет үшін ақы төленгенде, жалақы түскенде, басқа ақша түскенде, т.б.) туралы әп-сәтте SMS хабарламасы түсіп отырды. Хабарда операция сомасы, жасалған уақыты мен жері туралы мәлімет беріледі. Мұнымен қатар Мобильдік банкинг жүйесінің клиенті ұялы телефонынан өзінің карточкасындағы ақша балансы, жүргізілген операциялары, шот бойынша берешегі туралы Банкке сұрату жасауына, қажет болған жағдайда карточкасын әп-сәтте оқшаулауына болады. Бұл үшін Халық банкі операторларының бірыңғай нөміріне (8080) белгіленген нысанмен SMS хабарын жөнелту керек (толығырақ мәліметті Банктің http://www.halykbank.kz/cards/mobil_banking сайтынан алуға болады.

2006 жылдың 1 наурызында «Мобильдік банкинг» жүйесінің дамуында екінші кезең басталды. Ұялы байланыс қызметі үшін ақы төлеуді ендігі жерде тікелей ұялы телефонның өзінен іске асыру мүмкін болды (K-mobile, Beeline, Dalacom, Pathword, K-cell абоненттері үшін). 2006 жылдың 10 айында мұндай төлемдердің жалпы саны 27,5 мың болды, жасалған төлем сомасы 26,7 млн теңгеге жетті.

Мамыр айында аталған сервис жүйесіне қолдау жасау мақсатында Банктің мына сайты іске қосылды: <http://wap.halykbank.kz>.

2006 жылдың 8 маусымында «Мобильдік банкингті» пайдаланушы Халық банкінің клиенттеріне ұялы телефонмен банк операцияларын жүргізу үшін ыңғайлы меню енгізілді. Мұндай менюге қол жеткізу үшін клиент Банктің wap - порталынан (<http://wap.halykbank.kz>) тегін HalykBank мидлетін өз телефонына көшіріп алуы қажет (ақысыз). Аталған технология Қазақстанның банктері арасында алғаш рет пайда болды және клиенттерден тиісті бағасын алды.

Тамыз айынан бастап клиенттердің өтініштері бойынша SMS хабарын (комиссиялық алым ұсталғаны, абоненттік төлем жасалғаны, сервиске қосылғаны туралы) түнгі уақытта (22:00-ден 8:00-ге дейін) жөнелту шектелді.

2006 жылдың 14 қыркүйегінде «Мобильдік банкинг» жүйесінде атаулы оқиға болды: жүйенің 100 мыңыншы клиенті тіркелді.

Қазан айынан бастап сонымен қатар «Мобильдік банкинг» жүйесіне Халық банкінің процессинг қызметін пайдаланатын алты агент-банктің клиенттері де қосылды.

Айта кететін бір жәйт, іске қосылғаннан кейін қысқа мерзімде - небәрі бір жарым жылдың ішінде - 2006 жылдың 17 қарашасы күні «Мобильдік банкинг» жүйесінен түскен табыс атаулы көрсеткішке жетіп, 1 млн АҚШ долларынан асты.

Қазіргі уақытта аталған жүйе қызметін жетілдірудің үшінші кезеңі басталды: бұл банктік апплетті телефонның SIM картасына орналастыру арқылы клиентке ұялы телефон экранынан өзіне ыңғайлы меню алу, мұнан кейін кез келген төлемді (ұялы байланыс, коммуналдық қызмет үшін, интернет-дүкендерінде, т.б.) мобильдік телефоннан тікелей жүргізуге және ақша аударуға (банк аралық, Card to Card, банктің ішкі жүйесі бойынша) мүмкіндік беруді көздейді. Ең бастысы - мұндай төлемдерді жүргізу қауіпсіздігі барынша сақталады, өйткені аталған операциялар клиенттің өзінің сандық қол қоюымен расталуы тиіс.

Банктің әлеуметтік - корпоративтік жауапкершілігі

Банк саласында елімізде көш бастаушы орыннан көрініп, халықаралық қаржы рыногына шығып келе жатқан Халық банкі корпоративтік жауапкершілік пен дұрыс бағытталған әлеуметтік саясатты өзінің ұзақ мерзімдік даму болашағының негізгі шарттарының бірі ретінде қарастырады.

Қайырымдылық көмек жасауды және демеушілік қызмет көрсетуді Банк жалпы адамгершілік тұрғысынан алғанда қоғам үшін беретін өнегесі мол, рухани құндылықтар көзі деп бағалайды. Әлеуметтік - корпоративтік жауапкершілік саясатын дұрыс жолға қоя білу және оны сауатты жүргізу, әлеуметтік көмекке зәрулерге қол ұшын беруге әзір болу - қарқынды дамып келе жатқан әрбір ірі компанияның қоғаммен өзара қарым-қатынасындағы ажыратылмас басты белгісі.

Банктің ізгілік көмек пен демеушілік қолдау жасау саласына жұмсаған 2006 жылғы қаражат мөлшері 63 млн теңгені құрады.

Осы сала бойынша арнаулы бағдарлама бекіте отырып, Банк ең алдымен ата-ана қамқорлығынан айрылып, тағдыр тәлкегіне ұшыраған балаларға қамқорлық жасау жауапкершілігін мойнына алды. Аталған мәселені кешенді шешуді қарастыратын, үш бағыттан тұратын арнаулы жоба жасалды: компьютерлік оқыту, спорт және жоғары білім беру.

Жоба шеңберінде БҰҰ-ның даму бағдарламасына сәйкес жұмыс істеуді көздей отырып, Банк компьютерлік кластар жабдықтау үшін компьютерлік техника жеткізуді қолға алды, өз қамқорлығындағы балалар мекемелерінің ұстаздары мен тәрбиеленушілері үшін арнайы тренингтер өткізді. 2006 жылдың қыркүйек айында Банктің қаржылық қолдауы арқылы Халықаралық информатика академиясының ұйымдастыруымен информатика пәнінің мұғалімдері үшін апталық курс өткізіліп, балаларды компьютерге үйрету бойынша дәріс берілді, арнаулы материал таратылды. Аталған жобаға Банк тарапынан 3 млн теңге бөлінді.

Халық банкінің жас өспірімдер арасында баскетболды дамытуға арналған «Халық лигасы» деген спорттық жобасы қазақстандық балалар үйлері мен интернат үйлерінің тәрбиеленушілері арасында салауатты өмір сүру салтын және бос уақытты қызықты пайдалануды насихаттауға бағытталған.

Жыл сайын мамыр айында Банк Ақмола облысының Жақсы ауылында жас өспірімдер арасында «Үміт кубогінің» жарысын өткізуді дәстүрге айналдырады.

Өзі қамқорлығына алған балалар мекемелерінің үздік түлектеріне еліміздің экономикалық жоғары оқу орындарында білім алуына көмектесу мақсатында Банк осындай студенттердің оқуына ақы төлеуді және оларға Қожахан Әбенев атындағы стипендия тағайындауды көздейтін «Халық студенттері» бағдарламасын әзірледі және бекітті. Алдын ала есептерге қарағанда аталған жобаны жүзеге асыру үшін 27 млн теңгеден астам қаржы бөлінеді.

Мұнымен қатар «Жеңіс марафоны» әлеуметтік жобасы шеңберінде Банк республикалық, облыстық және қалалық ардагерлер ұйымдары арқылы ҰОС-на қатысушылар мен сол жылдары тылда еңбек еткендерге тұрақты түрде демеушілік көмек жасап келеді және оларға Жеңіс мейрамы күнінде ғана емес, күнделікті өмірде де көңіл бөлуді қарастырады.

Банк өзінің әлеуметтік қызметінде қоғам өміріне белсенді араласып, еліміздің гүлденуі мен көркеюіне, қарапайым халық тұрмысын одан әрі жақсартуға ат салысуды негізгі міндеті деп санайды және мұның бір көрінісі ретінде республиканың бірқатар облыс орталықтары мен қалаларын көркейтуге, саябақтар мен демалыс орындарын салуға арнайы қаржы бөлді, осы мақсатта Қостанай, Қызылорда, Павлодар қалалары үшін бөлінген қаражат мөлшері 30 млн теңге болды.

2006 жылдың тамыз айында Бурабай курорттық аймағында Халық банкі Halyk Group қаржылық тобының қызметкерлері арасында 1-ші Республикалық спартакиада өткізді. Спорттың әр түрінен өткізілген үш күндік байқау барысында қаржыгер мамандар өздерінің жалпы спортқа деген сүйіспеншілігін, салауатты өмір салтына деген құлшыныстарын таныта білді, волейбол, футбол, жеңіл атлетика, жүзу сияқты спорт түрлерінен жарысқа шығып, күш сынасты. Жалпы командалық нәтиже бойынша Банктің Алматы облыстық филиалының командасы бірінші орынды жеңіп алды.